

Сингапур Республикасымен сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі жұмысты ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы

Еуразиялық Экономикалық Кеңес комиссиясының 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 26 Өкімі

1. Сингапур Республикасымен еркін сауда туралы келісім жасаудың орындылығы туралы мәселені зерделеу жөніндегі бірлескен зерттеу тобының (бұдан әрі – бірлескен зерттеу тобы) жұмысы аяқталғаннан кейін Сингапур Республикасымен еркін сауда туралы келісім жасау туралы келіссөздерді бастау орынды деп саналсын.

2. Қажет болған кезде бірлескен зерттеу тобының жұмысы кезеңінде еркін сауда туралы келісім жасауға байланысты жекелеген мәселелер бойынша Сингапур Республикасымен консультациялар жүргізілсін.

3. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес Сингапур Республикасымен еркін сауда туралы келісім жасау жөнінде келіссөздерді бастау туралы шешім қабылдағаннан кейін жалпы келіссөз процесін Еуразиялық экономикалық комиссия тарапынан жалпы үйлестіру кезінде келіссөздер жүргізуді:

тауарлар саудасы бөлігінде – Еуразиялық экономикалық комиссия мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің келіссөз делегациясы;

қызметтер көрсету саудасы және инвестициялар бөлігінде көлбеу уағдаластықтар бойынша – келіссөздердің ұйымдастыру мәселелерін Ресей Федерациясы үйлестіріп, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер жүзеге асырады деп айқындалсын.

Қызметтер көрсету саудасы және инвестициялар бөлігінде ерекше міндеттемелер бойынша келіссөздерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер жүргізеді.

4. Келіссөз процесі тауарлар, қызметтер көрсету және инвестициялар бойынша теңгерімделген уағдаластықтарға қол жеткізілген кезде аяқталады деп айқындалсын.

5. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтерінен Еуразиялық экономикалық комиссиямен бірлесіп, қажет болған кезде бұл мәселені сингапурлық тараппен пысықтап, болашақ келісімнің форматын айқындау жөнінде консультациялар өткізу сұралсын.

6. Осы Өкім қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Республик асынан В. Габриелян	Беларусь Республик асынан В. Матюшевский	Қазақстан Республик асынан А. Мамин	Қырғыз Республика сынан О. Панкратов	Ресей Федерациясы нан И. Шувалов
---	--	---	--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК